

Қазақстан Республикасының кейбір заң актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасының Заңы 1996 жылғы 7 желтоқсан N 50-I

Екінші деңгейдегі банктер несие берушілерінің мүдделеріне қорғауды күшейту және Республиканың банк жүйесінің тұрақтылығын қамтамасыз ету мақсатында Қазақстан Республикасының мынадай заң актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1. Қазақстан Республикасының Жоғарғы Кеңесі 1994 жылғы 27 желтоқсанда K941000_ қабылдаған Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне (жалпы бөлім) (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1994 ж., N 23-24 (қосымша); 1995 ж., N 15-16, 109-құжат; N 20, 121-құжат; Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1996 ж., N 2, 187-құжат):
8 6 - б а п :

мынадай мазмұндағы жаңа 6-тармақпен толықтырылсын:

"6. Банктер мен банктік емес қаржы мекемелерінде заңда белгіленген тәртіппен есептелген капиталдың теріс мөлшері бар болған жағдайда заң актілерінде олардың акцияларын мәжбүрлеп сатып алудың мүмкіндігі мен негіздемелері көзделуі мүмкін";
6-тармақ 7-тармақ деп есептелсін.

2. Қазақстан Республикасы Президентінің "Шаруашылық серіктестері туралы" 1995 жылғы 2 мамырдағы N 2255 U952255_ Заң күші бар Жарлығына (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1995 ж., N 7, 49-құжат; N 15-16, 109-құжат):

57-бап мынадай мазмұндағы 5-тармақпен толықтырылсын:

"5. Банктер мен банктік емес қаржы мекемелері несие берушілерінің мүдделеріне қорғау және Республиканың банк жүйесінің тұрақтылығын қамтамасыз ету мақсатында оларға мәжбүрлеу шараларын (санкциялар) қолданудың ерекшеліктері, банктер мен банктік емес қаржы мекемелерінде капиталдың теріс мөлшері бар болған жағдайларда олардың мүлкінің құқықтық режимін өзгертудің негіздемелері мен шарттары банктер мен банктік емес қаржы мекемелері туралы қолданылып жүрген заңдармен белгіленеді"

71-баптың 4-тармағындағы "жыл қорытындысы бойынша" деген сөздер "тоқсан сайын" деген сөздермен ауыстырылсын.

3. Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы" 1995 жылғы 30 наурыздағы N 2155 Z952155_ Заң күші бар Жарлығына (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1995 ж., N 3-4, 23-құжат; N 12,

88-құжат; N 15-16, 100-құжат; N 23, 141-құжат; Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1996 ж., N 2, 184-құжат; N 11-12, 262-құжат):

1) 8-баптың "е)" тармақшасы "оларға" деген сөзден кейін: "белгілі бір күнге шекті банк капиталы мөлшерін қоса алғанда пруденциялдық нормативтерді белгілейді, сондай-ақ қолданылып жүрген банк заңдарында көзделген өзге де санкцияларды қолданады. Банктер несие берушілерінің мүдделерін қорғау және Республиканың банк жүйесінің тұрақтылығын қамтамасыз ету мақсатында Қазақстан Ұлттық Банкі Қазақстан Республикасының Үкіметімен келісім бойынша капиталының теріс мөлшері бар банктердің акцияларын (акционерлердің үлесін) кейіннен жаңа инвесторларға міндетті түрде дереу сатқан жағдайда бұл акцияларды мәжбүрлеп сатып алуға құқылы" деген сөздермен толықтырылсын:

2) 15-баптың "е)" тармақшасы "жою" деген сөзден кейін: "қолданылып жүрген банк заңдарында көзделген өзге де санкцияларды қолдану, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Үкіметімен келісім бойынша банктер несие берушілерінің мүдделерін қорғау, Республиканың банк жүйесінің тұрақтылығын қамтамасыз ету мақсатында және капиталының теріс мөлшері бар екінші деңгейдегі банктердің акцияларын кейіннен жаңа инвесторларға міндетті түрде дереу сату шартымен мәжбүрлеп сатып алу туралы шешімдер қабылдау" деген сөздермен толықтырылсын;

3) 62-баптың екінші бөлігі мынадай мазмұндағы бесінші азатжолмен толықтырылсын:

"- банктерге қолданылып жүрген банк заңдарында көзделген басқа да санкциялар қолдану туралы шешімдер қабылдау, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Үкіметімен келісім бойынша банктердің акцияларын мәжбүрлеп сатып алу және оларды кейіннен жаңа инвесторларға міндетті түрде дереу сату тәртібін белгілеуді қоса алғанда капиталының теріс мөлшері бар банктер мүлкінің құқықтық режимін өзгерту туралы шешімдер қабылдау".

4. Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы" 1995 жылғы 31 тамыздағы N 2444 Z952444_ Заң күші бар Жарлығына (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1995 ж., N 15-16, 106-құжат; Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1996 ж., N 2, 184-құжат):

1) 7-баптың 3-тармағы мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

"Банк несие берушілерінің мүдделерін қорғау және Республиканың банк жүйесінің тұрақтылығын қамтамасыз ету мақсатында Ұлттық Банк Қазақстан Республикасының Үкіметімен келісім бойынша, қолданылып жүрген банк заңдарының талаптарына сәйкес капиталының теріс мөлшері бар банктер акционерлерінің құқықтары мен міндеттерін, оларға заңдарда белгіленген санкцияларды қолдану арқылы мәжбүрлеп шектеу туралы шешімдер қабылдауға құқылы";

2) 16 - бапта :

атауы мынадай редакцияда жазылсын:
"Банктің жарғылық қоры мен капиталы";
мынадай мазмұндағы 7 және 8-тармақтармен толықтырылсын:

"7. Банк капиталы - оның міндеттемелерінің сомасы шегерілген банк активтерінің құны, онда активтердің құны банк активтерінің бастапқы құнынан берілген қарыздар мен басқа да активтер бойынша қажетті резервтер (провизиялар) сомасын шегеру жолымен есептеледі. Банк капиталын, активтерінің құнын, берілген қарыздар мен басқа да активтер бойынша резервтердің (провизиялардың) мөлшерін есептеу әдістемесін
Ұ л т т ы қ Б а н к б е л г і л е й д і .

Банк міндеттемелерінің сомасы оның активтерінің құнынан асып кеткен жағдайда
б а н к к а п и т а л ы т е р і с б о л а д ы .

8. Банк капиталының теріс мөлшері анықталған жағдайда Ұлттық Банк Қазақстан Республикасының Үкіметімен келісім бойынша оның акционерлерінің банктің жарғылық қорындағы үлестерін (акцияларын) мәжбүрлеп сатып алу туралы шешім қабылдауға және оларды банк капиталының ұлғаюына, инвестор алған міндеттемелерді ескере отырып оның қалыпты жұмыс істеуіне кепілдік беретін шарттармен жаңа инвесторға сатып алынған баға бойынша дереу сатуға құқылы.

Банк акцияларын Ұлттық Банктің мәжбүрлеп сатып алуы банк акцияларын (акционерлердің үлесін) кейіннен жаңа инвесторға сату мақсатында мәжбүрлеп сатып алу туралы ол шешім қабылдаған күнгі оның нақты капиталының мөлшерін негізге ала отырып белгіленетін баға бойынша жүзеге асырылады. Банктің сатып алынған акцияларын Ұлттық Банк олар сатып алынған баға бойынша дереу сатады. Банктің мәжбүрлеп сатып алынған барлық акциялары иелерінің құқықтары мен міндеттері жаңа
и н в е с т о р ғ а к ө ш е д і .

Банк акцияларын мәжбүрлеп сатып алудың және оларды кейіннен инвесторларға міндетті түрде сатудың тәртібін Ұлттық Банк белгілейді";

3) 1 7 - б а п :

мынадай мазмұндағы жаңа 4-тармақпен толықтырылсын:

"4. Банк несие берушілерінің мүдделерін қорғау және республика банк жүйесінің тұрақтылығын қамтамасыз ету мақсатында Ұлттық Банк Қазақстан Республикасының Үкіметімен келісім бойынша капиталының теріс мөлшері болған ретте банк акцияларын (акционерлердің үлесін) банктің қаржы жағдайының қажетінше жақсартылуына кепілдік беретін жаңа инвесторға сатып алынған баға бойынша кейіннен міндетті түрде дереу сату шартымен мәжбүрлеп сатып алуды жүзеге асыруға
қ ұ қ ы л ы " ;

4-тармақ 5-тармақ деп е с е п т е л с і н .

4) 4 2 - б а п :

мынадай мазмұндағы жаңа 2-тармақпен толықтырылсын:

"2. Банктің қаржы жағдайының қойылатын талаптарға сәйкестігі туралы мәселені

шешу мақсатында Ұлттық Банк белгілі бір күнге банк капиталының мөлшерін белгілеуге қ ұ қ ы л ы " ;

2-тармақ 3-тармақ деп есептелсін;

3-тармақ "әдістемелерін" деген сөзден кейін "белгілі бір күнге шекті банк капиталының мөлшерін" деген сөздермен толықтырылсын;

5) 47-баптың 2-тармағы мынадай мазмұндағы "д)" тармақшасымен толықтырылсын:

"д) банк капиталы іс жүзінде болмаған жағдайда және осы Жарлықтың 48-бабы 1-тармағының г) тармақшасында көзделген негіздемелер бар болса, Қазақстан Республикасының Үкіметімен келісім бойынша банк акцияларын (акционерлердің үлесін) Ұлттық Банк белгілеген баға бойынша акцияларды, кейіннен жаңа инвесторға сатып алынған баға бойынша міндетті түрде дереу сату, сонымен бір мезгілде банк пен оның акционерлерінің барлық құқықтары мен міндеттемелерін беру шартымен, мәжбүрлеп сатып алу туралы Ұлттық Банк шешім қабылдаған күнгі банктің нақты капиталының мөлшерін негізге ала отырып шешім қабылдау".

5. Қазақстан Республикасы Президентінің "Бағалы қағаздар және қор биржасы туралы" 1995 жылғы 21 сәуірдегі N 2227 U952227_ Заң күші бар Жарлығына (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1995 ж., N 5, 39-құжат; N 23, 141 - құжат; N 24, 162 - құжат):

1) 2-бап мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

"Банктер мен банктік емес қаржы мекемелерінің акцияларын сатып алу мен сатудың қосымша негіздемелері мен шарттары банктер және банктік емес қаржы мекемелері туралы қолданылып жүрген заңдармен белгіленеді";

2) 1 7 - б а п :

мынадай мазмұндағы жаңа оныншы бөлікпен толықтырылсын:

"Банктер мен банктік емес қаржы мекемелерінің Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі жаңа инвесторға кейіннен дереу сату мақсатында Ұлттық Банкке қолданылып жүрген заңдармен берілген өкілеттіктер шегінде мәжбүрлеп сатып алған акцияларын иелену құқықтарының өзгеруіне есеп жүргізілуі және оларды мемлекеттік тіркеудің тәртібі Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің және Қазақстан Республикасының Бағалы қағаздар жөніндегі Ұлттық комиссиясының нормативтік актілерімен белгіленеді";

онныншы және он бірінші бөліктер тиісінше он бірінші және он

екінші бөліктер деп есептелсін;

3) 25-бап мынадай мазмұндағы жетінші бөлікпен толықтырылсын:

"Капиталының теріс мөлшері бар банктер мен банктік емес қаржы мекемелерінің бағалы қағаздармен мәмілелерінің ерекшелігі және оларға қатысушы тұлғалардың шеңбері банктер мен банктік емес қаржы

мекемелері туралы қолданылып жүрген заңдармен белгіленеді".

Қазақстан Республикасының
Президенті

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК